
ӘДЕП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қарағанды

1 Қолдану саласы

Осы «Қарағанды техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) әдеп ережелері (бұдан әрі – Ережелер) әдеп және мінез-құлық ережелері талаптарын сақтауға құрылған университеттің, қызметкерлердің, білім алушылардың және барлық мүдделі тұлғалардың қарым-қатынастарында қолданылады.

Ережелердің талаптарын орындамау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде білім алушы қызметкерді тәртіптік жауаптылыққа тарту үшін негіз болуы мүмкін және жекелеген жағдайларда азаматтық-құқықтық және қылмыстық қудалау шараларына әкеп соғуы мүмкін.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
МС ИСО 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

МС ИСО 9001: 2016 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде МС ИСО 9000:2015 «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік» сәйкес терминдер, анықтамалар және қысқартулар келтірілген, оларға қосымша келесі терминдер мен олардың анықтамалары анықталған:

ӘБҚ – әкімшілік-басқару қызметкерлері;

ӘЖД – әкімшілік жұмыс департаменті;

ҚР – құжатталған рәсім;

Лауазымды тұлғалар - Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, проректорлар, декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, өзге де лауазымды тұлғалар;

Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

Мүдделі тұлға – құқықтарын жүзеге асыру заңнамамен және Жарғымен карастырылған, Университет қызметімен байланысты тұлға;

ҚарТУ – «Қарағанды техникалық университеті»

Мүдделер қақтығысы – университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке қызығушылығы оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

Комплаенс-тәуекелдер – Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтамау тәуекелі;

Корпоративтік мәдениет – бұл университетке тән құндылықтар, қағидаттар, мінез-құлық нормалары және қарым-қатынастар;

КБ – Қоғамның кадрлар бөлімі;

ЕР – ереже;

ПОҚ – профессорлық – оқытушылар құрамы;
СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;
Жұмыскер, қызметкер – университетпен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын адам;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты;
ОКҚ – оқу-көмекші қызметкер;
ЗБ – заңгерлік бөлім.

4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1 Осы Ережені Ғылыми кеңестің төрағасы – Университет Ректоры бекітеді.

4.2 Бекітілген Ережелердің мазмұнына, құрылымына және ресімделуіне комплаенс-офицер жауапты болады. Ереженің соңғы редакциясы туралы шешімді СБӨ қабылдайды.

5 Жалпы ережелер

5.1. Осы ереже «Білім туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына, Жарғыға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа, ішкі тәртіп ережелеріне және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

5.2. Осы Қағидалардың мақсаты университетте корпоративтік мәдениетті дамыту және мінез-құлықтың үздік практикасын қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылды құру болып табылады.

5.3. Университет Жалғыз акционермен, университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен, басқа да мүдделі тұлғалармен және жалпы қоғаммен өзара қарым-қатынаста, университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тап болатын стратегиялық маңызды, сондай-ақ күнделікті жағдайларда корпоративтік шешімдер қабылдау үшін осы Ережелердің талаптарын қабылдайды және ұстанады.

6 Әдептің құндылықтары мен принциптері

6.1. Университеттің негізгі корпоративтік құндылықтары:

- Меритократия: әрқайсысының үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділеттілік пен объективтілік.

- Құрмет: команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау.

- Адалдық: университет ішінде және серіктестеріне деген адалдық.

- Ашықтық: байланыстар мен серіктестерге ашықтық.

- Командалық рух: бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

үшін ынтымақтастық.

- Сенім: өзара көмек және сенім мәдениетін ұстану.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік.

6.2. Университет қызметі әдеп және мінез-құлық ережелері талаптарын сақтауға негізделген университет пен барлық мүдделі тұлғалардың қарым-қатынастарына негізделген. Өзара міндеттемелерді сақтау құрылымдық жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

7 Қарым-қатынастың әдеп нормалары

7.1. Университет өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- адам құқықтарының сақталуын және құрметтелуін қамтамасыз етеді;
- мүдделі тұлғалармен оның барлық қарым-қатынасы өзара тиімді болуға ұмтылады;
- қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларына сәйкес өздігінен білім алуға және кәсіби дамуға ұмтылатын қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды;
- университет қызметкерлеріне біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігі мен сапасына қарай еңбегі үшін сыйақы төлеуді қамтамасыз етеді;
- нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, жас, саяси және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді; кадрларды іріктеу және жоғарылату тек қана біліктілік талаптарына сәйкестік негізінде, кәсіби қабілеттерін, білімі мен дағдыларын ескере отырып жүзеге асырылады;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды, сондай-ақ қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды;
- заңнамамен және университеттің ішкі құжаттарымен бекітілген шекте құпия ақпараттың жария етілмеуін қамтамасыз етеді;
- қақтығыстар туындаған жағдайда университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасында ашық және сенімді диалог үшін жағдай жасайды, еңбек даулары мен қақтығыстардың алдын алу/болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдайды, медиация рәсімдерін қолданады;
- іске асырылуы университет үшін оң әсер ететін қызметкерлердің бастамашыл идеялары мен ұсыныстарын бағалайды және көтермелейді;
- барлығына тең мүмкіндіктерді міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, заңды негізден басқа, жекелеген лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар мен жеңілдіктер беруге жол бермейді;
- осы процестің кез келген кезеңінде, лауазымды тұлғадан шешім қабылдайтын кез келген қызметкерге дейін мүдделер қақтығысы туындауынан бос шешімдер қабылдауға жауапты болады.

7.2. Мемлекеттік органдар

Университеттің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы Қазақстан

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, осы Ережелерге және университеттің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Тараптардың тәуелсіздігі негізінде, мемлекеттік органдар тарапынан да, Университеттің лауазымды адамдары мен қызметкерлері тарапынан да сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттерге жол бермеу қағидатын сақтай отырып жүзеге асырылады.

8 Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері

8.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері міндетті:

8.1.1. Мемлекеттік рәміздерге - Мемлекеттік Туға, Мемлекеттік Елтаңбаға, Мемлекеттік Гимнге құрметпен қарауға;

8.1.2. Корпоративтік рәміздерге құрметпен қарауға;

8.1.3. Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8.1.4. Сыпайы және биязы болуға;

8.1.5. Немқұрайлылық пен дөрекілікке төзбеуге;

8.1.6. Әріптестерге қолдау мен көмек көрсетуге;

8.1.7. Көрсетілген көмек үшін әрдайым алғыс айту, тіпті егер ол толық көрсетілмесе де.

8.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздеріне келесі міндеттемелерді қабылдайды:

8.2. Осы Ережелерде, педагогикалық әдеп ережелерінде, Жарғыда, ішкі тәртіп ережелерінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандартында, университет ПОҚ мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексінде және университеттің өзге де ішкі құжаттарында белгіленген әдеп талаптары мен мінез-құлық қағидаларын мұқият зерделеу, түсіну және адал ұстану;

8.3. Өзінің лауазымдық қызметтері мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және әділ орындау;

8.4. Жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу. Күш көрсету, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол бермеу;

8.5. Қазақстан Республикасының педагог қызметкері жоғары атағының беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттерге жол бермеу;

8.6. Мәртебесі мен лауазымына қарамастан өзіне қабылдаған міндеттемелер үшін жауапты болу;

8.7. Әдеп ережелері мен мінез-құлық қағидаларын бұзу мәселелері бойынша тергеу жүргізу кезінде жәрдем көрсету;

8.8. Басқа жеке және заңды тұлғаларға олардың ар-намысы мен абыройын қозғайтын, ар-намысын, қадір-қасиетін және беделін қорғау жөнінде,

оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілер арқылы сот талқылауына әкеп соғуы мүмкін тікелей немесе жанама мінездеме бермеу;

8.9. Ережелердің талаптарына сәйкес келетін басқарушылық шешімдер қабылдау;

8.10. Ережелердің талаптарын сақтауды жеке мысалмен көрсету;

8.11. Университет ұстанымдары, құндылықтары, ортақ миссиясы біріккен командаға ұжымды біріктіруге, бағыныштылар арасында корпоративтік рухты қалыптастыруға уақыт бөлу;

8.12. Қол астындағыларға кеңес беру және тәлім беру;

8.13. Шешім қабылдау кезінде ашықтық және риясыз ережелерді басшылыққа алу;

8.14. Құпиялылық нормаларын бұзбай және уәкілетті органның шешімдері мен актілерін және университеттің ішкі құжаттарын ескере отырып, уақытылы сенімді ақпарат ұсыну;

8.15. Университет қызметкерлері әдеп және мінез-құлық ережелері талаптарының сақталмауына алаңдаушылық білдіретін мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Әдеп және мінез-құлық ережелері талаптарының сақталуын көтермелеуге;

8.16. Еңбек тәртібін сақтау;

8.17. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтау;

8.18. Университет мүлкіне ұқыпты қарау;

8.19. Жұмыс берушіге адамдардың өмірі мен денсаулығына, университет пен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны, сондай-ақ бос тұрып қалу туындағаны туралы хабарлау;

8.20. Еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеу;

8.21. Келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жұмыс берушіге өтеу;

8.22. Өтініштерге, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарына уақтылы ден қою;

8.23. Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, оның ішінде зейнетақы қорларына, сондай-ақ университет қызметкерлерінің жалақысына уақтылы төлеу бойынша шараларды қабылдау;

8.24. Өз құзыреті шегінде Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;

8.25. Университет қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

8.26. Университет қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

8.27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау;

КЕАҚ «Қарағанды техникалық университеті»	Әдеп ережелері	11 беттің 11-ші беті
--	----------------	----------------------

8.28. Университет қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

8.29. Академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті ережелері мен университеттің академиялық саясаты нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

8.30. Университеттің барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылатын академиялық адалдықты, университеттің академиялық саясатының нормаларын ілгерілетуді және қорғауды қамтамасыз ету;

8.31. Университет қызметкерлеріне жүктелген, оның ішінде академиялық адалдық қағидаттарына және университеттің академиялық саясатының нормаларына негізделген міндеттердің адал орындалуын қамтамасыз ету;

8.32. Білім алушылар мен университет қызметкерлерінің академиялық адалдық қағидаттарын және университеттің академиялық саясаты нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз ету;

8.2.32. Университет қызметкерлерінің жоғары жауапкершілігін қамтамасыз ете отырып, академиялық адалдық қағидаттарын және Университеттің академиялық саясатының нормаларын өзара сыйластық пен әділеттілікке негіздейді;

8.2.33. Профессорлық-оқытушылар құрамын конкурстық бәсекелестік іріктеу кезінде айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету және университеттегі рәсімдердің транспаренттілігін бақылау;

8.2.34. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Университетте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізуді қамтамасыз ету;

8.2.35. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Университеттің ресми сайтында тарифтеу мен штаттық кестені жариялауды қамтамасыз ету;

8.2.36. Қызметтік құпияны, сондай-ақ қызметтік ақпараттың жария етілмеуі бойынша шаралар қабылдау;

8.2.37. Жұмыс берушімен жазбаша түрде іссапарларды, жоғары тұрған органдарға өтініштерді, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды келісу.

9 Мінез-құлық ережелері

9.1. Корпоративтік мәдениет

9.1.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері әдеп талаптарын түсіне отырып және сақтай отырып, бұзушылықтардың алдын ала отырып және әріптестерімен әдеп саласындағы өз білімдерімен бөлісе отырып, университетте корпоративтік мәдениетті дамытуға үлес қосуы тиіс.

9.1.2. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері корпоративтік рухты қалыптастырып, Қағидалар талаптарының сақталуын келесі тәсілдермен қолдауы тиіс:

- қол астындағылармен жеке түсіндірме кездесулер;

- өзі үлгі көрсету, яғни өз мінез-құлқын жұмысшыларға үлгі ретінде пайдалану;

- талаптарды сақтау Жұмыс орнындағы тиімділіктің міндетті факторы екенін жалпыға бірдей түсінуді қамтамасыз ету.

9.1.3. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері келіссөздер жүргізу кезінде дұрыс және құрметпен сөйлесуі тиіс.

9.1.4. Университеттің барлық қызметкерлері корпоративтік ойын-сауық немесе спорттық іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, мақсаты қызметкерлер арасында корпоративтік рухты арттыру болатын іс-шараларды өткізу бойынша ұсыныстарды өздері енгізе алады.

9.1.5. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері университеттің электрондық құжат айналымы ережелерін сақтауға және барлық қажетті құжаттарды тәртіпте сақтауға міндетті. Университеттің барлық қызметкерлері өз жұмыс орындарын ұқыпты және көрнекті түрде сақтауы керек.

9.2. Қоғаммен байланыс

9.2.1. Университет қоғаммен және бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста жоғары этикалық стандарттардың сақталуын қадағалайды. Университет басшы қызметкерлердің көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде, өзінің ақпараттық-жарнамалық материалдарында немесе жұртшылықпен байланыс жөніндегі басқа да іс-шараларда жалған ақпарат таратуға, фактілерді жасыруға және/немесе бұрмалауға жол бермейді.

9.2.2. Көпшілік алдында сөз сөйлеу, университет оқиғаларына түсінік беру немесе әлеуметтік желілерді қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарында университет атынан қандай да бір мәлімдеме жасау құқығына университеттің осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары мен қызметкерлері ғана құқылы.

9.2.3. Университет атынан сөз сөйлеген кезде қызметкерлер жалпы қабылданған кәсіби мінез-құлық пен әдеп нормаларын сақтауға, тек дұрыс ақпаратты таратуға, сондай-ақ әлеуметтік, нәсілдік және ұлттық алауыздықты қоздыратын ақпараттың таралуына жол бермеуге міндетті.

9.2.4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметтік іс-әрекет және жалпы университет қызметі мәселелері бойынша өз пікірін көпшілік алдында білдірмеуі керек, егер ол:

- университет қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- университеттің қызметтік ақпаратын ашатын болса;
- Университеттің лауазымды тұлғаларының атына кір келтіретін әдепке жат сөздерден тұратын болса.

9.3. Бақылау шаралары

9.3.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Ережелердің талаптарын қатаң сақтауға және Университет талаптарының бұзылуы туралы хабарлауға міндетті.

9.3.2. Университеттің лауазымды тұлғалары университеттің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін негізгі құндылықтар мен әдеп талаптарын ескере отырып, іскерлік шешімдер қабылдайды және олардың алдына қойылған міндеттерді

КЕАҚ «Қарағанды техникалық университеті»	Әдеп ережелері	11 беттің 11-ші беті
--	----------------	----------------------

жүзеге асыруға толық жауапты болады.

9.3.3. Университеттің тиісті қызметкерлері құзыретіне сәйкес әдеп талаптарын бұзумен байланысты проблемаларға жауап беруге міндетті:

- жағдайды түзету және кемшіліктерді жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
- заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік сипаттағы пәрменді шаралар қабылдау / ұсыну;
- университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен/органдарымен оларға қажетті мәліметтерді ұсына отырып, консультациялар өткізу.

Бұл іс-әрекеттер Университеттің ішкі тәртібіне сәйкес рәсімделуі тиіс.

9.3.4. Университет ережелерді ашық талқылауға дайын қызметкерлерді көтермелейді және оны жетілдіру жөніндегі кез келген құрылымдық ұсыныстарға оң қарайды.

9.3.5. Ережелердің талаптарына қатысты және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ Ережелердің талаптарын бұзу фактілері, педагог қызметкер атағына кір келтіретін теріс қылықтар, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қайшы әрекеттер бойынша университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ іскерлік серіктестер және мүдделі тұлғалар тікелей басшыға және/немесе Әдеп жөніндегі уәкілге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша жауапты тұлғаға жүгінуге құқылы.

Бұзушылықтар жөніндегі материалдар Әдеп жөніндегі кеңестің қарауына жіберіледі.

9.3.6. Ережелерді іске асыруды практикада қолдану мақсатында әдеп жөніндегі кеңес қабылдаған ұсынымдар белгіленген тәртіппен университет ректорының қарауына шығарылады және оны ол бекітеді.

10 Әдеп бойынша уәкіл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі жауапты институт

10.1. Біліктілік талаптары және негізгі функциялары

Әдеп жөніндегі уәкілдің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі жауапты адамның міндеттерін атқару университет проректорына жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкілдің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жауапты негізгі функциялары Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Ереженің, Жарғының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың және Университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін сақтамау туралы ақпарат жинау, осы бұзушылықтар бойынша дауларды қарауға бастамашылық ету, қызметкерлерге, лауазымды адамдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері, Университеттің ережелері, жарғысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты және басқа да ішкі нормативтік құжаттар бойынша кеңес беру болып табылады.

10.2. Әдеп жөніндегі уәкіл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша жауапты адам:

- келіп түскен өтініштер негізінде де, өз бастамалары бойынша да Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, Ереженің, Жарғының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың және басқа да ішкі нормативтік құжаттардың бұзушылықтарын анықтау процедураларын өткізуге бастамашылық етуге;

- университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, ережелерін, Жарғысын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға жеке жүгінуге;

- қызметкерлерге, лауазымды тұлғаларға университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, ережелерінің, Жарғысының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының және басқа да ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін мәлімдеуге және түсіндіруге құқылы.

10.3. Әдеп жөніндегі уәкіл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі жауапты міндетті:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, қағидаларды, Жарғыны, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын бұзу мәселелері бойынша дауларды қарау рәсімдерін жүргізу кезеңінде, осындай істерді қарауға бастамашылық ету себебінен оларды мәжбүрлеп жұмыстан шығару жағдайлары туындаған жағдайда, қызметкерлерді қорғауды (еңбек заңнамасында белгіленген рәсімдер шеңберінде) қамтамасыз ету;

- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, ережелерін, Жарғысын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауға қатысты мәселелерді қарау кезінде қатысуға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама ережелерін, ережелерді, Жарғыны, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау мәселелері бойынша қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ іскерлік серіктестер мен мүдделі тұлғалардың өтініштерін есепке алуға;

- 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Университет қызметкерлері жүгінген жағдайда, оларға Ереже тәртіптерін түсіндіруді ұсынуға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, Ережелерді, Жарғыны, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты және университеттің басқа да ішкі нормативтік құжаттарын сақтамау мәселелері бойынша дауларды қарауда тәуелсіздік пен бейтараптықты сақтауға;

- Ережелерді бұзу фактісі бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды тұлғаның аты-жөнін көрсетпеуді (аты-жөнін атамауды қалаған жағдайда) қамтамасыз етуге құқылы.